

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ерекше үй-жайлары үшін алаңдардың заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 21 сәуірдегі № 316 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ерекше үй-жайлары үшін алаңдардың заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Тыл департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның электрондық түрдегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң мен нормашығармашылықты үйлестіру департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр полиция генерал-лейтенанты

Е. Саденов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

2025 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2025 жылғы 21 сәуірдегі
№ 316 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ерекше үй-жайлары үшін алаңдардың заттай нормалары

№ р/с	Үй-жайдың атауы	Өлшем бірлігі	Үй-жайдың алаңы
1-бөлім. Ішкі істер министрлігі			
1	Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, арнайы және химиялық құралдарды сақтауға арналған үй-жай (1 аттестатталған қызметкерге)	шаршы метр	0,2
2	Жедел басқару орталығының үй-жайы (бұдан әрі - ЖБО)*	шаршы метр	48,5
3	Полимеразалық тізбек реакциясы зертханасына арналған үй-жай (бұдан әрі - ПТР-зертхана)	шаршы метр	164,5
4	Биологиялық зерттеулерге арналған үй-жай	шаршы метр	107
5	Физикалық-химиялық зерттеулерге арналған үй-жай	шаршы метр	240,5
6	Криминалистикалық полигонға және оқу сыныбына арналған үй-жай	шаршы метр	114
7	Баллистикалық зертханаға және суық қаруды зерттеуге арналған үй-жай	шаршы метр	89,3
8	Трасологиялық зерттеулерге арналған үй-жай	шаршы метр	25,5
9	Құжаттарды техникалық зерттеуге, қолтаңбатанушылық және криминалистикалық, портреттік зерттеулерге арналған үй-жай	шаршы метр	42
10	Полиграфологиялық зерттеулерге арналған үй-жай	шаршы метр	25
11	Автоматтандырылған криминалистикалық		45

	есептердің деректерін өңдеуге арналған үй-жай (серверлік)	шаршы метр	
12	Тергеуге алынғандардан жауап алуға арналған кабинет	шаршы метр	18
13	"Құпиялылық" режимінде тергеу әрекеттерін жүргізуге арналған кабинет	шаршы метр	18
14	Жедел-тергеу тобының кабинеті	шаршы метр	36
15	Қарап тексеру және айырып тану кабинеті	шаршы метр	18
16	Заттай дәлелдемелерді сақтауға арналған үй-жай	шаршы метр	36
2-бөлім. Полиция департаменттері			
1	Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, арнайы және химиялық құралдарды сақтауға арналған үй-жай (1 аттестатталған қызметкерге)	шаршы метр	0,2
2	Кезекші бөлімін орналастыруға арналған үй-жай	шаршы метр	36
3	ЖБО үй-жайы*	шаршы метр	48,5
4	Ұсталған адамдарды уақытша ұстауға арналған үй-жай	шаршы метр	18
5	Тергеудегі адамдарға тергеу жүргізуге арналған үй-жай	шаршы метр	18
6	Айғақты дәлелдерді сақтауға арналған үй-жай	шаршы метр	36
7	ПТР-зертхана зертханасына арналған үй-жай	шаршы метр	115,75
8	Криминалистикалық полигонға және оқу сыныбына арналған үй-жай	шаршы метр	45
9	Баллистикалық зертханаға және суық қаруды зерттеуге арналған үй-жай	шаршы метр	62,5

10	Трасологиялық зерттеулерге арналған үй-жай	шаршы метр	21
11	Құжаттарды техникалық зерттеуге, қолтаңбатанушылық және криминалистикалық, портреттік зерттеулерге арналған үй-жай	шаршы метр	35,5
12	Одородологиялық есептерге және зерттеулерге арналған үй-жай	шаршы метр	143,85
13	Полиграфологиялық зерттеулерге арналған үй-жай	шаршы метр	15
14	Есептегі адамдардың үлгілерін іріктеуге арналған үй-жай	шаршы метр	45
15	Автоматтандырылған криминалистикалық есептердің деректерін өңдеуге арналған үй-жай (серверлік)	шаршы метр	31,5
16	"Құпиялылық" режимінде тергеу әрекеттерін жүргізуге арналған кабинет	шаршы метр	18
17	Жедел-тергеу тобының кабинеті	шаршы метр	36
18	Қарап тексеру және айырып тану кабинеті	шаршы метр	18
3-бөлім. Өңірлік (аумақтық) ішкі істер органдарының бөліністері			
1	Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, арнайы және химиялық құралдарды сақтау үшін үй-жай (1 аттестатталған қызметкерге)	шаршы метр	0,2
2	Кезекші бөлімін орналастыруға арналған үй-жай	шаршы метр	36
3	ЖБО* үй-жайы	шаршы метр	48,5
4	Ұсталған адамдарды уақытша ұстауға арналған үй-жай	шаршы метр	18
5	Тергеудегі адамдарға тергеу жүргізуге арналған үй-жай	шаршы метр	18

6	Айғақты дәлелдерді сақтауға арналған үй-жай	шаршы метр	36
7	"Құпиялылық" режимінде тергеу әрекеттерін жүргізуге арналған кабинет	шаршы метр	18
8	Жедел-тергеу тобының кабинеті	шаршы метр	36
9	Қарап тексеру және айырып тану кабинеті	шаршы метр	18

Ескертпе:

*үлгілік жоба бойынша 75 адамға арналған ЖБО;

*қолдану саласы - Алматы қаласы (Шығыс өңірі), Астана қаласы (Солтүстік өңірі), Шымкент қаласы (Оңтүстік өңірі), Атырау қаласы (Батыс өңірі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК